

Диалог 1

- Кім үй салды?
- Әкем үй салды.
- Әкең кімге үй салды?
- Әкем бізге үй салды.
- Әкең сендерге қандай үй салды?
- Әкем бізге үлкен үй салды.
- Әкең сендерге үлкен үйді қашан салды?
- Әкем бізге үлкен үйді биыл салды.
- Әкең сендерге үлкен үйді биыл неден салды?
- Әкем бізге үлкен үйді биыл кірпіштен салды.

Диалог 4

- Саған ән сабағы ұнай ма?
- Иә, маған ән сабағы ұнайды.
- Ән сабағында не істейсіңдер?
- Ән сабағында ән айтамыз.
- Ән сабағында нота үйренесіңдер ме?
- Әрине, үйренеміз.
- Сыныпта қандай аспап бар?
- Сыныпта пианино бар.
- Пианинода кім ойнайды?
- Пианинода апай ойнайды.

Диалог 7

Үйдегі еңбек

- Әли, сен үйде анаңа көмектесесің бе?
- Иә, мен үйде анама көмектесемін.
- Сенің үйдегі міндетің қандай?
- Мен үйде жиһаздың шаңын сүртемін, гүлдерге су құямын.
- Үйде асты кім дайындайды?
- Асты анам дайындайды, мен көмектесемін.
- Анаң ас үйде қандай жәрдем бересің?

-Мен картоп тазалаймын, қоқысты шығарамын.

-Жарайсың, Әли, олай болса сен анаңның нағыз қолғанаты екенсің.